

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі Техникалық ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 21 желтоқсан N 1337

2002 жылғы 6 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі Техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің 4-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Тимур Мұратұлы Сүлейменовке Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасының шеңберінде жыл сайынғы техникалық ынтымақтастық бағдарламалары мен әкімшілік қаржы сметаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан бекітуге өкілеттік берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.01.2017 № 14 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі